

УДК 327

А. А. Мусинов,
ҚР Төтенше және Өкілетті Елшісі,
Қазақстан Республикасы Сыртқы істер
министрлігінің жауапты хатшысы

БІРІККЕН АРАБ ӘМІРЛІКТЕРІНІҢ ҚАТЫСУЫ ТУРАЛЫ

Аңдатпа

Жарияланымда аймақтық және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, халықаралық лаңкестікпен, экстремизммен және есірткіні заңсыз тасымалдаумен күрес мәселелеріндегі Қазақстанның бастамаларына Біріккен Араб Әмірліктерінің белсенді қатысуы қаралады.

Тірек сөздер: сыртқы саяси бастамалар, екіжақты қарым-қатынастар, аймақтық және ұлттық қауіпсіздік.

Аннотация

В публикации рассматривается активное участие ОАЭ в рамках инициатив РК по следующим вопросам: обеспечение региональной и национальной безопасности, борьба с международным терроризмом, экстремизмом и незаконной транспортировкой наркотиков.

Ключевые слова: внешнеполитические инициативы, двусторонние отношения, региональная и национальная безопасность.

Abstract

The publication reviews the active participation of the UAE at Kazakhstan's initiatives on the following issues: ensuring regional and national security, the fight against international terrorism, extremism and illegal drug trafficking.

Keywords: foreign policy initiatives, bilateral relations, regional and national security.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан – 2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында айтылғандай, қазіргі тарихи кезеңде «халықаралық ахуал және геосаяси орта қарқынды өзгеруде және әрқашан жақсы жағына қарай ойыса бермейді. Солтүстік Африка мен Таяу Шығыстан Солтүстік-Шығыс Азияға дейін тұрақсыздықтың алып белдеуі созылып жатыр. Күштердің ара салмағы жаһандық деңгейде де, сонымен қатар, Жер шарының жекелеген аймақтарында да елеулі өзгерістерге ұшырауда».

Еліміздің сыртқы саясатындағы басымдықтардың бірі – Азия елдерімен серіктестікті дамыту болып табылатыны айқын. Араб әлемінде және Парсы шығанағы аймағында үлкен саяси-экономикалық рөлге ие Біріккен Араб Әмірліктерімен өзара тиімді тығыз қарым-қатынастар орнату, Қазақстанның сыртқы саяси бастамаларына барынша қолдау табу және әмірліктер тарапының барлық бастамаларға белсенді түрде қатысуын қамтамасыз етуде табысты жұмыстар атқарылғанын атап өту керек.

2008 жылғы шілдеде Әмірліктердің Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңестің толық мүшелігіне өтуі ұйымның ықпалын арттыруға оң әсер етті.

2006 жылғы маусымда Алматыда өткен АӨСШК-ке қатысушы мемлекеттер басшыларының II Саммиті және 2010 жылғы маусымда Стамбулда өткен АӨСШК-тің III Саммитіне БАӘ-нің Сыртқы істер министрі шейх Абдалла бен Заид Әл Нахаян бастаған әмірліктер делегациясы белсенді түрде қатысты.

Сонымен қатар, 2012 жылғы 12 қыркүйекте Астанада өткен АӨСШК-тің мерейтойлық жиыны мен Сыртқы істер министрлерінің 4-ші кеңесіне БАӘ-нің Сыртқы істер министрі шейх Абдалла бен Заид Әл Нахаян қатысты. Әмірліктердің министрін ҚР Президенті Н.Назарбаев қабылдап, кездесуде Қазақстан-Әмірліктер арасындағы екіжақты қарым-қатынастардың өте жоғары деңгейде дамып келе жатқаны атап өтілді.

Біріккен Араб Әмірліктері Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері Съезінің жұмысына да тұрақты түрде қатысып келеді.

2006 жылы өткен Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің II Съезі, 2009 жылғы III Съезд және 2012 жылғы IV Съезге БАӘ Ислам істері және уақыптар бойынша Бас агенттігінің өкілдері қатысты.

Сондай-ақ, БАӘ Президентінің Діни және құқықтық мәселелер бойынша кеңесшісі Сеид Әли әл-Хашими өзінің ұсыныстары мен пікірлері арқылы III Съездің мазмұнын байытуға үлкен үлес қосты деп айта аламыз.

Еліміздің жаһандық қауіпсіздікті нығайту бағытындағы бастамалары, халықаралық лаңкестік, экстремизм және есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрестегі қадамдары әмірліктер тарапынан жоғары бағаланады.

Осы ретте, Астана мен Абу Дабидің Ауғанстанды қалпына келтіру және осы елдің экономикалық дамуын қамтамасыз ету сұрақтары бойынша ұстанымдары ұқсас екенін атап өткен жөн.

2013 жылғы 26 сәуірде Алматыда өткен Ауғанстан жөніндегі Ыстамбұл үдерісіне мүше мемлекеттерінің 3-ші министрлік конференциясына БАӘ Сыртқы істер министрінің қауіпсіздік және әскери істері жөніндегі орынбасары Фарис әл-Мазруи қатысты.

Фарис әл-Мазруидің конференцияда келтірген мәліметтеріне сәйкес, қазіргі кезеңде Әмірліктер Үкіметі Ауғанстандағы діни мамандарды оқытуға 12 млн АҚШ долл. жуық қаржылай көмек көрсетуде. Сонымен қатар, Кабул маңында 3 мыңнан астам тұрғын үй құрылысына 150 млн долл. астам қаржы бөлген.

Әмірліктердің басшылығы Қазақстан мүдделі серіктестермен және көрші мемлекеттермен бірге Ауғанстан мәселесін тезірек саяси реттеуге және қайта қалпына келтіруге елеулі үлес қосады деп сенеді.

Әмірліктер Қазақстанның Ислам Ынтымақтастығы Ұйымы шеңберіндегі белсенді бастамаларына да қолдау білдіріп келеді. ҚР Президенті Н.Назарбаев айтқандай: «Қазақстан ИЫҰ-ның белсенді қатысушысы бола отырып, Таяу Шығысты реттеу процесінің бейбіт сипатына шын жүректен мүдделілік танытады. Араб-ислам әлеміндегі халықтық толқудан босаған күш-қуаттың жасампаздық арнаға бағытталып, аймақтың әлеуметтік-экономикалық проблемаларын шешуге қызмет етуі маңызды».

Қорыта айтқанда, еліміздің сыртқы саясатындағы аймақтық және ұлттық қауіпсіздікті жан-жақты нығайту, экономикалық дипломатияны белсенді дамыту және мәдени, ғылым-білім салаларындағы халықаралық ынтымақтастықты арттыру секілді басымдықтары араб әлеміндегі мемлекеттермен, оның ішінде Біріккен Араб Әмірліктерімен өзара ықпалдастықты дамытуда өз жемісін беріп келеді.